

**Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы N 169/5 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 18 маусымда N 2621 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 236/18 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.12.25 N 236/18 қаулысымен.*

*Ескерту. Қаулының атауында және барлық мәтіні бойынша "түлектеріне" деген сөзден кейінгі "облыстың" деген сөзі алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.08.19 N 167/12 қаулысымен.*

*Ескерту. Қаулының атауында және барлық мәтіні бойынша "тағайындау ережесі", "тағайындау ережесінде", "тағайындау ережесіне" деген сөздер тиісінше "тағайындау жөніндегі нұсқаулық", "тағайындау жөніндегі нұсқаулықта", "тағайындау жөніндегі нұсқаулыққа" деген сөздермен ауыстырылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.08.19 N 167/12 қаулысымен.*

Облыс азаматтарының жекелеген санаттарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы Нұсқаулық аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау тәртібін нақтылайды.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.08.19 N 167/12.*

2. Жоғары оқу орындары жанындағы қабылдау Комиссиялары (келісім бойынша) бірыңғай ұлттық тестілеу кезінде жиыны 45 және одан артық балл жинаған, мемлекеттік оқыту гранты немесе мемлекеттік оқыту кредитін ала алмаған абитуриенттер тізімін тиісті жылдың 10 тамызына дейін облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы беретін болсын (бұдан әрі - Тізімдер).

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005.08.01 N 249/6; 2006.08.09 N 226/8; 2007.08.10 N 213/7; 2008.08.20 N 220/8 қаулыларымен.*

3. *Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005.08.01 N 249/6 қаулысымен.*

4. Қалалар мен аудандар әкімдеріне: жергілікті жерлерде еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес жоғары оқу орындарында оқуға арналған әлеуметтік көмекті алуға үміткерлерге іріктеу жүргізу жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі - үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссиялар) құрылсын;

Жоғары оқу орындарында оқытуға арналған әлеуметтік көмекті алуға іріктеуден өткен үміткерлер тізімін, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын тексеру кесімдерін, сондай-ақ қағидада қарастырылған қажетті құжаттарды облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына тиісті жылдың 15 тамызына дейін ұсынсын.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005.08.01 N 249/6; 2006.08.09 N 226/8; 2008.08.20 тамыздағы N 220/8 қаулыларымен.*

5. Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына тиісті жылдың 19 тамызына дейін қағидада қарастырылған қажетті құжаттарды жоғары оқу орындарына оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау үшін Комиссияның қарауына ұсынсын.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005.08.01 N 249/6; 2006.08.09 N 226/8; 2008.08.20 N 220/8 қаулыларымен.*

6. Комиссия тиісті жылдың 23 тамызына дейін аталған әлеуметтік көмекті алушылардың қорытынды тізімін сәйкес тиісті жоғары оқу орындарына дайындасын және жіберсін.

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005.08.01 N 249/6 қаулысымен.*

7. Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуды төлеуге арналған әлеуметтік көмек тағайындау туралы" (2003 жылғы 15 сәуірдегі МТН 1724) N 70/4 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Қ. Нұрпейісов*

Облыс әкімдігінің

2004 жылғы 14 маусымдағы

"Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы

және ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған жалпы білім беретін мектеп

түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысымен бекітілді

**Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау тәртібін нақтылайды.

*Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.08.19 N 167/12.*

### **2. Әлеуметтік көмекті тағайындау шарты**

*Ескерту. 2-тарауға өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.08.19 N 167/12 қаулысымен.*

2. Жан басына шаққандағы табыс облыс бойынша (тиісті жылдың 2-тоқсаны) белгіленген күн көріс минимумының мөлшерінен аспайтын, аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы орта білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) конкурстық негізде Комиссия шешімі бойынша тағайындалады. Олардың тұратын жерлерін әлеуметтік - тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері білімі туралы диплом алғанға дейін жоғары оқу орнында оқыған барлық кезең үшін әлеуметтік көмек тағайындағанда бір рет жасалады.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005.09.12 N 284/7 қаулысымен.*

3. Кешенді тестілеуде 45 ұпайдан кем жинаған аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған түлектерге жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2006.08.09 N 226/8; 2007.08.10 N 213/7; 2008.08.20 N 220/8 қаулыларымен.*

Жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмекті алуға

үміткерлердің іріктелуі жинаған ұпайдың ең жоғары саны бойынша жүргізіледі. Ұпайлары тең болғанда жалпы білім беру мектебін бітіргені туралы үздік аттестатын иеленуші басымды құқылы болады.

### 3. Әлеуметтік көмектің мөлшері

4. Әлеуметтік көмек облыстың тиісті оқу орнындағы нақты оқу құны мөлшерінде көрсетіледі.

### 4. Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттар тізілімі

5. Әлеуметтік көмекті алуға үміткер тұлға қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша өтініш;
- 2) Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша түлек отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі;
- 3) тұрғылықты жерінен анықтама;
- 4) жұмысқа қабілетті (жұмыс істеуші) отбасы мүшелерінің жұмыс ақысы туралы анықтама немесе жұмыс істемейтіндердің еңбек кітапшаларының көшірмесі (аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы жалпы білім беру мектеп т ү л е к т е р і ү ш і н ) ;

5) ата-аналарының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі (ата - анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беру мектеп түлектері үшін);

6) қамқоршы тағайындау туралы шешім (ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беру мектеп түлектері үшін);

7) Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша қала немесе аудан әкімі, студент және жоғары оқу орнының басшысы қол қойған білім беру қызметтерін көрсету үш жақты шарты;

8) Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес өңір үшін осы санаттағы маманды даярлау қажеттілігі туралы, оны жұмысқа орналастыру кепілдігімен қала немесе аудан әкімінің қолдау хаты;

9 ) С Т Т Н .

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2006.08.09 N 226/8 қаулысымен.*

6. Осы әлеуметтік көмекке үміткер отбасының әлеуметтік - тұрмыстық жағдайын тексеру актілерін қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері жасайды.

Әлеуметтік көмекті алған тұлға Комиссия шешімі негізінде халықты әлеуметтік қорғау қалалық басқармалары, аудандық бөлімдеріне қосымша м ә л і м е т т е р :

тұрғылықты жері бойынша Халықтық банк филиалынан ашылған жеке есеп ш о т ы н ы ң н ө м і р і н ;

үш тарап қол қойған, білім беру қызметтерін көрсетуге үш жақты шартты  
ұ с ы н а д ы .

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің  
2006.08.09 N 226/8 қаулысымен.*

### **5. Есеп жүргізу мен есеп беру**

7. Әлеуметтік көмекті алған тұлғалар ақшалай қаражаттың жеке есеп шоттарына түскеннен кейін, алған сомасын оқуды төлеу үшін жоғары оқу орнына өткізуге және әлеуметтік қорғау қалалық басқармасы немесе аудандық бөліміне төлеу туралы анықтама тапсыруға міндетті.

8. Жыл сайын жоғары оқу орындары аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорынсыз қалған әлеуметтік көмек алушы студенттердің, келесі курсқа көшкені және шығарып жіберуі туралы бұйрықтардың көшірмелерін жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұ с ы н а д ы .

*Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің  
2006.08.09 N 226/8; 2008.08.20 N 220/8 қаулыларымен.*

9. Әлеуметтік көмек алушыны жоғары оқу орнынан шығарып жіберген жағдайда төленген әлеуметтік көмек сомасын өндіріп алынбайды, сессияның нәтижелері бойынша жылына екі рет Комиссияның шешімімен шығарып жіберілген студенттің орнына ректоратпен ұсынылған аз қамтамасыз етілген отбасындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған сол оқу орында "жақсы" және "үздік" оқып жүрген студентке оқу құқығы беріледі, көрсетілген студенттің оқуына ақы төлеу белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

*Ескерту. Қаулы 9-тармақпен толықтырылды - Павлодар облыстық әкімдігінің  
2005.08.01 N 249/6 қаулысымен; өзгерту енгізілді - 2006.10.19 N 283/11  
қаулысымен.*

Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымша

**(Қаланың, ауданның) әкіміне**

-----  
-----  
мекен - ж а й д а т ұ р а т ы н

-----  
-----  
аты, әкесінің аты, тегі

### ӨТІНІШ

Маған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жоғары оқу орнының атауы)

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша

оқу ақысын төлеу үшін аз қамтамасыз етілген отбасылары және жетім-студенттерге бөлінетін әлеуметтік көмекті тағайындауыңызды өтінемін.

Осы әлеуметтік көмекті алу үшін қажетті құжаттарды қоса беріп отырмын.

Өтініш иесінің қолы:

Күні:

Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі нұсқаулыққа

2-қосымша

**Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектерінің әлеуметтік-тұрмыстық тұру жағдайын зерттеу актісі**

200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

1. Аты, әкесінің аты, тегі \_\_\_\_\_

2. Туған жылы \_\_\_\_\_

3. Мекенжайы, тел. \_\_\_\_\_

4. Отбасы құрамы: \_\_\_\_\_

5. Отбасы мүшелерінің жұмысақысы, жәрдемақысы, зейнетақылары: \_\_\_\_\_

6. Ата-аналарының, қамқоршыларының жеке иеліктерінде не бар: (жылжымалы, жылжымайтын мүлік, қосалқы шаруашылық) \_\_\_\_\_

7. Отбасының жиынтық табысы (әр адамның табысы көрсетілсін): \_\_\_\_\_

8. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайының жай-күйі: \_\_\_\_\_

9. Коммуналдық қызметтер үшін төлем сомалары: \_\_\_\_\_

10. Қандай жеңілдіктерді пайдаланады: \_\_\_\_\_

11. Жеке төлқұжат мәліметтері: \_\_\_\_\_

12. Қосымша мәліметтер: \_\_\_\_\_

13.Тексеру актісі жөніндегі қорытындысы: \_\_\_\_\_

Тексерушінің қолы: \_\_\_\_\_

Ескерту: 5-7 тармақтар тек қана аз қамтамасыз етілген отбасылары түлектері үшін толтырылады.

Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі нұсқаулыққа

3-қосымша

**Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған ШАРТ**

Павлодар қаласы 2004 жыл "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
Бір жағынан, бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын, Жарғы негізінде қызмет атқаратын, ректордың атынан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ және екінші жағынан, \_\_\_\_\_ бұдан әрі

"Тапсырыс беруші" деп аталатын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы негізінде іс-қимыл жасайтын қала немесе аудан әкімі \_\_\_\_\_, бұдан әрі "Студент" деп аталатын \_\_\_\_\_ білім беру қызметтерін көрсетуге арналған осы шартты жасасты.

### **1. Шарттың мәні**

1. Білім саласында орталық атқарушы орган бекіткен мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес, күндізгі оқу нысанында оқудың толық курсы бітірген соң, мемлекеттік емтихан тапсыру, біліктілігіне сәйкес дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау және белгіленген үлгідегі жоғары кәсіптік білім туралы диплом беруге "Орындаушы" өзіне "Студентті" \_\_\_\_\_



мамандығы бойынша оқытуға міндеттеме алады.

2. "Тапсырыс беруші" жоғары кәсіптік білім алу үшін осы шартқа сәйкес білім беру қызметтерін көрсеткен үшін "Студенттің" оқуын қаржыландыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 3. "Орындаушының" міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына қабылдаудың үлгі тәртіптеріне сәйкес, аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы студенттер және жетім-студенттерге жоғары оқу орындарындағы оқуларына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі облыстық комиссиясының шешімі негізінде жоғары оқу орнының студенттері қатарына конкурстық негізде азамат \_\_\_\_\_ қабылдау;

2) "Студентті" білім беру қызметін жүргізу құқығына арналған лицензиясымен, жоғары оқу орны жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен, сондай-ақ жоғары оқу орнының қабылдау тәртібін реттейтін және тәрбиелік-оқу үрдісін ұйымдастырудың басқа құжаттарымен таныстыру;

3) "Студенттің" оқуын мемлекеттік жалпы білім беру стандарты талаптарына с ә й к е с қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) оқуды ойдағыдай бітіріп шыққан жағдайда, "Студентке" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі белгілеген, мемлекеттік ү л г і д е г і д и п л о м б е р у ;

5) жыл сайын студенттің келесі курсқа көшкені туралы немесе оның шығып қалғаны туралы бұйрықтың көшірмесін жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсыну.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2006.08.09 N 226/8; 2008.08.20 N 220/8 қаулыларымен.*

### 4. "Орындаушының" міндеттері:

1) "Орындаушы" осы шартқа сәйкес "Тапсырыс беруші" мен "Студенттің" алған міндеттемелерінің адал және тиісті орындалуына талап қоюға құқылы;

2) "Орындаушы" жоғары оқу орны жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және осы шартпен қарастырылған міндеттерді орындамағаны үшін "Студентке" тәртіптік жаза шараларын қолдануға құқылы.

### 5. "Тапсырыс берушінің" міндеттері:

1) "Тапсырыс беруші" жыл сайын қаржыландыруына қарай "Студенттің" барлық оқу кезеңінде оқыту құнын оның есеп шотына бюджет қаражатын аудару ж о л ы м е н т ө л е у г е м і н д е т т і ;

2) "Тапсырыс беруші" "Орындаушымен" келісе отырып, "Студенттің" практика өтуі үшін орын беруі және жоғары оқу орнын бітірген соң "Студентті" жұмысқа орналастыруға міндетті.



## 6. "Тапсырыс берушінің" құқығы:

"Тапсырыс беруші" осы шартқа сәйкес "Орындаушы" мен "Студенттің" алған міндеттерінің адал және тиісті орындалуына талап қоюға құқылы.

## 7. "Студенттің" міндеттері:

1) мемлекеттік жалпы білім беру оқу стандартының толық көлеміндегі білім, машық және практикалық дағдыларды меңгеру;

2) жоғары оқу орнының оқу жоспары мен кестесіне сәйкес оқу бағдарламасын орындау;

3) ішкі тәртіп ережелерін, жоғары оқу орнының жарғысында қарастырылған басқа да талаптарды орындау;

4) жоғары оқу орнының оқу құрал-жабдықтары мен ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарау;

5) жоғары оқу орнының оқытушыларына, қызметкерлері мен студенттеріне құрметпен және сыпайылықпен қарау;

6) ауырғаны немесе басқа дәлелді себептермен міндетті сабақты босатқан жағдайда, жоғары оқу орнына ресми ақтау құжаттарын тапсыру;

7) жоғары оқу орнын бітіргеннен соң алған біліктілігі бойынша арнайы бөлінген жерінде кем дегенде үш жыл жұмыс істеу;

8) Осы шарттың 7-тармағында көрсетілген міндеттемелерін орындамаған жағдайда, "Студентті" даярлауға жұмсалған барлық ақшалай қаражатты қала (аудан) бюджетіне бір ай ішінде қайтару.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.08.19 N 167/12 қаулысымен.*

## 8. "Студенттің" құқығы:

1) қосымша ақы төлеп, қосымша қызметтер алу;

2) жоғары оқу орнының жарғысында қарастырылған, тәртіпте жоғары оқу орнының кітапханасы мен оқу залы базасында оқу, әдістемелік оқу және ғылыми әдебиет қорымен тегін пайдалану;

3) жеке пікірлері мен сендірулерін еркін айту;

4) өзіне құрметпен қарауды талап ету;

5) осы шартқа сәйкес "Орындаушының" өзіне алған міндеттерінің адал және тиісті орындалуын талап ету.

## 3. Қызметтің құны және есеп айырысу тәртібі

9. Келісім баға оқу жылына жеке тағайындалады, жұмсалған жоспарлық шығынға бағаның индекстелуіне, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, мамандарды даярлау жағдайының өзгеруіне байланысты болады.

10. 2004/2005 оқу жылына \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде тағайындалды.

11. Келесі жылдардағы жыл сайын көрсетілетін білім беру ақысының

мөлшерін "Орындаушы" тағайындайды және ол туралы "Тапсырыс берушіге" сол жылдың 1-тамызына дейін хабарлайды.

#### 4. Таластарды шешу тәртібі

12. Осы шарттан немесе осы шартқа байланысты пайда болған барлық таластар тараптар келісімімен шешіледі.

13. Егер тараптар өзара келісімге келе алмаған жағдайда, талас Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде шешіледі.

#### 5. Кездейсоқ жағдайлар

14. Егер бұл шарт жасасқаннан кейін пайда болған төтенше сипатты оқиғалар нәтижесінде тежеусіз жағдайлар салдарынан болғанда, тараптардың алдын ала білмеген немесе парасатты іс-шаралармен оның алдын ала алмағанда осы шарт бойынша міндеттерді жартылай немесе толық орындамағаны үшін тараптар жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда осы шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі ұқсас жағдайлар болған уақытқа сәйкес к е й і н ж ы л ж ы т ы л а д ы .

15. Осы шарт талаптарының орындалуына кедергі келтіретін тежеусіз күштер жағдайларына өрт, жер сілкінісі, су тасқыны, апат ахуалдар оқиғалары, сондай-ақ ереуілдер, барлық сипаттағы әскери іс-қимылдар жатады.

#### 6. Шарттың іс-әрекет мерзімі

16. Осы Шарт оған тараптардың қол қойған кезінен бастап күшіне енеді және тараптардың өз міндеттерін орындау кезіне дейін қызмет етеді.

Шарт әрекетінің басы 200\_\_ жылғы 1 қыркүйек

Шарт әрекетінің аяқталуы 200\_\_ жылғы 31 тамыз.

#### 7. Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік деректемелері

"Орындаушы": \_\_\_\_\_

Ректор \_\_\_\_\_

М . О . \_\_\_\_\_

"Тапсырыс беруші": \_\_\_\_\_

Қала немесе аудан әкімі \_\_\_\_\_

М . О . \_\_\_\_\_

"Студент" \_\_\_\_\_

(Студенттің аты-жөні, мекенжайы)

Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу

үшін әлеуметтік көмек тағайындау  
жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы  
және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған,  
жалпы орта білім беретін мектеп түлектеріне  
жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы  
төлеу үшін әлеуметтік көмекті тағайындау  
жөніндегі облыстық комиссияның  
төрағасына

### ҚОЛДАУ ЖАСАУ

\_\_\_\_\_ әкімі өңір үшін осы сала мамандарының  
қала немесе аудан қажеттілігіне байланысты \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ жоғары оқу орындарындағы  
\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
\_\_\_\_\_ тұратын,  
( м е к е н - ж а й д а )  
\_\_\_\_\_ санатына жататын  
(жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы)

\_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты, тегі)  
әлеуметтік көмек бөлу қажеттігі туралы өтініш жасайды.

Кейіннен жұмысқа орналастыруға кепілдік беремін.

Қала (аудан) әкімі \_\_\_\_\_

қолы

Облыс әкімдігінің

2004 жылғы 14 маусымдағы

"Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы  
және ата-анасының қамқорлығынсыз  
қалған жалпы білім беретін мектеп  
түлектеріне жоғары оқу орындарындағы  
оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік  
көмек тағайындау туралы"

№ 169/5 қаулысымен

бекітілді

**Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының  
қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне**

**жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі облыстық комиссиясының Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, облыс әкімдігі мен әкімінің актілеріне, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Комиссия тұрақты қызмет ететін орган болып табылады және жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмекті аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата - анасының қамқорлығынсыз қалған мектеп түлектеріне конкурс және іріктеу жүргізу үшін құрылған.

**2. Комиссияның міндеттері мен функциялары**

3. Мыналар :

1) жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеуге арналған әлеуметтік көмекті алуға үміттенуші аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мектеп түлектерінің құжаттарын қарау;

2) облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұсынған құжаттар бойынша жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау үшін аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мектеп түлектеріне іріктеу жүргізу Комиссияның негізгі міндеттері болып табылады.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2006.08.09 N 226/8; 2008.08.20 N 220/8 қаулыларымен.*

4. Комиссия жүргізілген конкурс нәтижесі бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеуге арналған әлеуметтік көмек тағайындау үшін құжаттарды қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жолдайды.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2006.08.09 N 226/8 қаулысымен.*

5. Комиссия негізгі міндеттеріне сәйкес мынадай функцияларды атқарады:

1) қарауға ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді;

2) жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын төлеуге арналған әлеуметтік көмекті алатын аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы орта білім беретін мектеп түлектеріне анықтайды ;

3) аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған жалпы орта білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеуге арналған әлеуметтік көмекті төлеуге ақшалай қаражат көлемін анықтайды.

### **3. Комиссияның құқықтары**

6. Комиссия студенттен оқуға ынталы түрде қатысуын, сессияларын уақытында тапсыруын талап етуге құқылы.

7. Осы талаптарды ынтасыз орындағанда растайтын құжаттар болған жағдайда Комиссия студенттен осы әлеуметтік көмекті алып қоюға құқылы.

### **4. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

8. Комиссия қажетіне қарай өткізілетін мәжілістерінде өз міндеттері мен функцияларына сәйкес мәселелер қарайды және шешімдер қабылдайды.

9. Комиссия шешімі көпшілік дауыспен, ашық түрде дауыс беру жолымен қабылданады және егер Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы дауыс берсе, онда ол қабылданды деп есептеледі.

Дауыс саны тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

10. Комиссия шешімдеріне облыстық комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды.

Облыс әкімдігінің

2004 жылғы 14 маусымдағы

"Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы

және ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған жалпы білім беретін мектеп

түлектеріне жоғары оқу орындарындағы

оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік

көмек тағайындау туралы"

№ 169/5 қаулысына

1-қосымша

**Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының**

**қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне**

**жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін**

**әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі облыстық**

**комиссияның құрамы**

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2006.08.09 N 226/8; 2008.08.20 N 220/8 қаулыларымен.*

Жұмбаекова Рысты Мағауияқызы	- облыс әкімінің орынбасары, төраға
<b>Комиссия мүшелері:</b>	
Баймұхамбетова Зиннат Қозыбайқызы	- облыстық мәслихат депутаты (келісім бойынша)

Давдрикова Галина Семеновна	- облыс қаржы департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Жасылғұсова Шолпан Әусағитқызы	- облыстық мәслихат депутаты (келісім бойынша)
Кзакова Людмила Федоровна	- облыс денсаулық сақтау департаменті бастығының орынбасары
Марданова Айгүл Қамзаққызы	- облыс білім беру департаменті директорының міндетін атқарушысы, Комиссия мүшесі
Пфейфер Нелли Эмилевна	- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халық арасындағы байланыс жөніндегі проректоры (келісім бойынша)
Стрелковский Владимир Анатольевич	- облыстық кәсіподақ кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
Тапбергенов Тимур Салауатұлы	- Семей медициналық академиясы филиалының директоры (келісім бойынша)
Берковский Владимир Александрович	- облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы, Комиссия мүшесі
Шеломенцева Валентина Павловна	- Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының оқу жұмысы жөніндегі проректоры (келісім бойынша)
Проказова Татьяна Викторовна	- облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бөлімінің бастығы, Комиссия хатшысы болып енгізілсін;
Тышымханова Дыбыс Сартайқызы	- Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры (келісім бойынша), Комиссия мүшесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК